

**Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге қол қоюы туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 15 қарашадағы N 1227 Жарлығы

Қазақстан Республикасында адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын нығайту және оның демократиялық қағидаттарға адалдығын растау мақсатында қаулы етемін:

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1966 жылғы 16 желтоқсанда Нью-Йорк қаласында қабылдаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге (бұдан әрі - пактілер) қол қойылсын.

2. Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілі Ержан Хозеұлы Қазыхановқа пактілерге қол қоюға және оларды бекіту кезінде қосымша түсініктер тұжырымдау мүмкіндігі туралы мәлімдеуге өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Ержан Хозеұлы Қазыхановқа пактілерге қол қоюға өкілеттіктер сертификатын берсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен басып күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*